

МҰРАТ ТӘЖІ-МҰРАТҰЛЫ БАЙМАХАНОВ – 80 ЖАСТА



Қазақстан Республикасының көрнекті ғалымы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, Қазақ гуманитарлық заң университетінің Ғылыми сараптама және талдау институтының директоры, «Қазақстандағы құқықтық реформа» және «Құқық және мемлекет» журналдарының редакциялық алқасының мүшесі

Аса құрметті Мұрат Тәжі-Мұратұлы!

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Төралқасының атынан Сізді бүгінгі мерейтойыңыз – 80 жасқа келуіңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз «Ақырын жүріп, анық басып», енді міне, сексеннің сеңгіріне қонып отырсыз. Адамның ғұмыры оның жасаған жасымен ғана емес, атқарған жақсы ісімен өлшенетінін ескерсек, сіз нағыз үміт пен ізденіс, мүмкіндік пен жетістіктерге толы қарбалас қоғамда өмір сүрдіңіз.

Сіз ешкім жүрегі дауалап бара бермейтін қиын жол – ғылым жолын таңдадыңыз. Еліміздегі заң ғылымдарының негізін салушылардың бірі болдыңыз. Сіздің басшылығыңызбен мемлекет және құқықтың жалпы теориясы салалары бойынша отандық заңгерлердің ғылыми мектебі қалыптасты. Әрі бұл істі дамыта алатын ғалымдар шоғырын даярлап, осы саланың маңызын дәлелдедіңіз,

сондай-ақ ғылыми бетбұрыс жасадыңыз. Сөйтіп, өз мектебіңізді, өз көзқарасыңызды қалыптастырдыңыз.

Сіз ғылым майданында нағыз Сардар бола білдіңіз. Ғылыми қызметіңізді ғалым болып қалыптасудың барлық баспалдақтарынан өтіп, заң ғылымдары саласында жемісті ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, табиғи дарындылығыңыздың және еңбексүйгіштігіңіздің арқасында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі болып, еліміздің көрнекті ғалымдарының біріне айналдыңыз.

Тәуелсіз Қазақстанның аяғынан нық тұрып, ғылым мен білімнің дамуына барынша үлес қосып келе жатқан шын мәніндегі ардагер парасатты азаматсыз. Қазақ гуманитарлық заң университетінің «Ғылыми сараптама және талдау институтын» басқарып отырсыз, ғылыммен қатар қоғам мен мемлекет үшін маңызды салаларға да бел шеше араласып жүрсіз. Еліміздің құқық тарихындағы конституционизм проблемаларымен айналысып, ата заң нормаларының құрылтайшы сипаты мен жоғары заң күші бар қатынастары сияқты күрделі мәселелерді ғылыми сараптаумен айналысасыз.

Ел үшін атқарған ерен еңбектеріңіз бағаланып, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, А.Байтұрсынов атындағы күміс медальдың иегері атандыңыз, еліміздің түрлі дәрежедегі алғыс хаттармен марапатталдыңыз. Біз Сізбен мақтанамыз!

Аса құрметті Мұрат Тәжі-Мұратұлы, Сізді 80 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бойыңызға қуат, деніңізге саулық тілей отырып, туған-туыс, дос-жаран, әулетіңізге мол бақыт, ғылыми шығармашылық қомақты табыстар мен келелі береке-бірлік тілейміз!

Қазақстан Республикасының

Ұлттық ғылым академиясының

Төрақасы